

ЖЫЛЫОЙДАҒЫ ЕКІ КҮН



1-3

ЭНЕРГЕТИКА И КЛИМАТИЧЕСКИЕ
ИЗМЕНЕНИЯ: ВРЕМЯ
ДЕЙСТВОВАТЬ - СЕЙЧАС



4-5

ҒАСЫРҒА ТАРТҚАН ТАРИХ
БАЙШОНАС КЕН ОРНЫНА – 90 ЖЫЛ



6



Embi ТЫНЫСЫ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

№16 (80)
ҚАЗАН
2021 ЖЫЛ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

ЖЫЛЫОЙДАҒЫ ЕКІ КҮН



Ағымдағы жылдың 9 айындағы өндірістік қызмет нәтижелері, Терең-Өзек кен орнының әлеуметтік нысандарындағы және Прорва кен орындары тобының Ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысындағы жөндеу жұмыстары және тағы басқа мәселелер – «EmbiMunaigas» АҚ

басшылығының 2021 жылғы 14-15 қазандағы «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына жұмыс сапары барысында кеңінен талқыланды.

(Басы. Жалғасы 3-бетте)

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаевпен әңгімеміз отандық мұнай секторының жасыл энергияны дамытуға қосып жатқан үлесі төңірегінде өрбиді.

Жас қазақ: соңғы жылдары климаттық өзгерістерге орай, ауаны көбірек ластайтын қуат көздерінен бас тартып, жасыл энергияға, карбонсыздану процесіне (декарбонизация) көшу жөнінде көп айтылып жүр. 2020 жылы «ҚазМұнайГаз» компаниясы алғаш рет көмірқышқыл газын азайтатын өндірістік жоспары туралы сөз қозғай бастады. Бұған қандай себептер ықпал етіп отыр?

Алик АЙДАРБАЕВ: Соңғы жылдары әлемнің алпауыт мұнайгаз компаниялары климаттың өзгеруін шектеуге бағытталған Стратегияларын қабылдап, энергияның балама немесе жаңартылатын көздерін пайдалану жолдарын дамытуға айрықша көңіл бөліп жатыр. Қазір олар өздерінің жалпы инвестицияларының 5 пайызға жуығын жыл сайын осы бағытқа жұмсауды дәстүрге айналдырды.

Бұлардың арасында ерекше белсенділік танытып отырған Total, Shell, ExxonMobil, British Gas, Eni, PetroChina сияқты т.б. алпауыттар бар. Олардың алға қойып отырған міндеттері айқын. Айталық, Eni 2050 жылға дейін көмірқышқыл газы мен метанның ауаны ластауын 80 пайызға қысқартуды көздеп отыр. Chevron компаниясы 2050 жылға дейін көмірқышқыл газын 40 пайызға, ал метанның таралуын 53 пайызға дейін қысқартпақшы. Міне, осындай міндеттерді барлық мұнайгаз компаниялары қабылдап жатыр.

«ҚазМұнайГаз» – Қазақстандағы ең ірі ұлттық компания ғана емес, қазіргі таңда әлем нарығында өзінің орнықты орны бар және әлгі аталған дүниежүзінің бетке ұстар мұнайгаз компанияларының барлығымен серіктес, солармен бірге елімізде аса ірі жобаларды іске асырып келе жатқан компания. Сондықтан біздің ұлттық компания мұндай жаңа үдерістен тыс қала алмайды. Оның үстіне, Президентіміз 2060 жылға қарай еліміз көміртегіге бейтарап мемлекет болатынын жария еткені бері, біз бұл мәселені жіті зерттеп, осы маңызды шаруаны іске асыруда «ҚазМұнайГаз» компаниясы қандай бағыттарда жұмыс атқаратынын нақтылап, ортақ шаруаға қосатын өз үлесін жан-жақты пысықтап жатырмыз. Жалпы жұмыс бірнеше бағытта жүргізілуде. Олар қазір нақтыланып, жыл соңына дейін дайын болатын біздің алдағы 10 жылға арналған Стратегиялық бағдарламаға енетін болады. Атқарылатын кейбір шаруаларды атап айтатын болсақ, онда біз өз өндірісімізде бірінші кезекте энергия көздерін тиімді пайдаланып, ауаны ластайтын газдарды ұстап қалуды кең көлемде жолға қоймақшымыз.

Одан бөлек, отандық мұнай-химия өндірісінде сутегі кеңінен пайдаланылады, сондықтан отынның ең таза деп отырған балама түрімен жұмыс істеуде біздің саланың қызметкерлерінің біраз тәжірибесі бар. Сондықтан осы жағдайды ескере отырып, отынның балама көзін өндірумен пайдалануда да өзгелерге үлгі болатын ауқымды жобаларды іске асырсақ деген ойымыз бар. Бұл

бағытта жуық арада пилоттық үлгіде бірнеше жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Ол жобалар туралы уақыты келгенде бөлек әңгіме қозғармыз. Осы тұрғыда реті келгенде айта кететін тағы бір үлкен мәселе бар. Ол – алдағы 5 жылда елімізде 2 миллиард түп тал егіп, еліміздің біраз аймағын жасыл желекке бөлеу туралы Мем-

құжатқа сүйене отырып, Еуропа елдері 2050 жылы қазба отын көздеріне бейтарап болатынын нақтылайтын арнайы Стратегиясын қабылдады. Бұл құжатта экономиканың қандай саласы қашан көмірсутегі ресурстарын пайдаланудан бас тартатынын нақты көрсетіліп отыр. Құжатта энергияға деген сұраныстың басым бөлігін сутегіні пайдалану арқылы қол жеткізу

мемлекет өз өнімінің экологиялық тұрғыдан таза екенін дәлелдеуі тиіс. Ал егер импортталатын затты өндіру Еуропада орналасқан өндіріспен салыстырғанда лас екені анықталатын болса, онда ондай өнімдерге қосымша салық салынып, бірте-бірте ондай заттардың Еуроодаққа келуіне тосқауыл

Осы саланың білікті маманы ретінде оқырмандарымызға сутегінің ерекшелігі мен дәстүрлі отын көздерін алмастыра алатын мүмкіндігі жөнінде айтып берсеңіз.



Алик АЙДАРБАЕВ: Бүгінде адамзаттың алдында тұрған бірнеше өзекті мәселе бар екенін жоғарыда бірсыпыра әңгіме еттік. Енді экология проблемасы мен

Жасыл энергия. Сутегінің біз білмейтін сыры көп



климаттың өзгеруін былай қойғанның өзінде, ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір күні кен отын көздері бітетіні анық. Қазір пайдаланып отырған отын көздері таусылса, адамзат не істеуі керек?

Біз бұған дейін кен отындарын пайдалану адамзаттың өміріне зиян, жер бетіндегі тіршілікке қауіп төндіріп отырғанын әңгіме еттік. Солайтылған әңгімеден адамзаттың жер бетінде тұрақты тіршілік етуі үшін энергияның таза әрі шексіз көзі қажет екені туындайды. Қазіргі технологиялардың даму деңгейіне сәйкес энергияның шексіз көзі сутегі болып тұр. Себебі ол жер бетінде ең көп таралған зат. Сутегіні судан да, көмірден де, мұнайдан да, газдан да алуға болады. Жер бетінің үштен екі бөлігі судан тұратынын ескерсек, онда сутегінің шексіз екенін түсінеміз. Сосын, оны қазіргі технологиялардың көмегімен пайдаланған уақытта еш зиянды зат бөлінбейді, тек таза су ғана шығады. Сондықтан сутегі энергияның ең таза көзі болып есептеледі. Дегенмен, сутегіні өндіруде да, сақтауда да, тасымалдауда да, пайдалануда да бүгінгі күні кездесетін көптеген техникалық қиындықтар бар. Ол проблемалардың барлығының техникалық шешімдері бар. Бірақ олар әзірше қымбат. Сондықтан ол қиындықтарды шешу үшін жетекші мемлекеттер үлкен қаражат бөліп, бүкіл дүние жүзінің озық ойлы азаматтарын осы саланың проблемаларын шешуге жұмылдыруда. Соның арқасында күн санап сутегіні тіршілікте пайдаланудың жаңа тиімді жолдары табылып жатыр.

Сутегіні алудың да әр түрлі жолы бар. Бүгінде дүниеде пайдаланып отырған сутегінің 85 пайызын табиғи газдан алып отыр. Қазіргі кезеңде сутегінің басым бөлігі мұнай өнімдерін тазартуда, содан соң аммиак, азот тыңайтқыштарын алуға қолданылып келеді. Сутегіні тасымалдау қиын әрі қымбат болғандықтан, осы уақытқа дейін ол өндіріске қажет болған жағдайда, оны өндіріс орнының басында шығарып, сол жерде пайдалану дәстүрге айналған.

Жас қазақ: Ендеше, іске сәт! Ел игілігін еселеу жолындағы еңбегіңізге жеміс тілейміз! Әңгімеңізге көп рахмет!

www.munaimyeken.kz

лекет басшысының үндеуін қолдау шеңберінде атқарылатын шаралар. Тал егіп, елді жасыл желекке бөлеу біздің компанияның аталған стратегиясында ерекше орынға ие болып, қаржымен қамтамасыз етілетін болады. Ғалымдардың тұжырымдамасына сәйкес, егілген әр тал 40 жылда 4 тоннаға жуық көмірқышқыл газын бойына сіңіріп алады екен.

Жас қазақ: Қазақ мұнайының елеулі бөлігі Еуропаға жеткізілетіні белгілі. Сол көрі құрылықта екі жыл бұрын Green Pact for Europe (Еуропаның Жасыл Пакты) атты құжат қабылданды. 2050 жылға қарай Еуроодақ елдерінде ауаға лас қалдықты мүлде таратпауды көздейтін осы Жасыл пакт Трансшекаралық көміртегіні реттеу (Carbon Border Adjustment Mechanism) механизмін енгізуді көздейді. Былайша айтқанда, осы реттеу механизмін іске асқан кезеңнен бастап, Еуропаға әкелінетін барлық заттарға, солардың арасында мұнай мен газға қосымша салық салынғалы тұр. Бұл Ұлттық компаниямыздың болашақ қызметіне қалай әсер етуі мүмкін?

Алик АЙДАРБАЕВ: Сіз айтып отырған құжатты Еуропа Одағы 2019 жылы қабылдады. Артынша сол

көзделіп отыр. Өйткені ол – отынның бүгінгі күні ең таза түрі.

Мысалы, оның 13 миллиард тоннаға жуығы Қытайдың, 5 миллиард тоннадан астамы АҚШ-тың, 1 миллиард тоннадан астамы Еуроодақтың үлесінде. Отынның таза түріне көшуді жетекші мемлекеттердің қолдауы климаттың өзгеруімен күресуде оң өзгерістер басталатынына деген адамзаттың сенімін күшейтіп отыр.

Әрине, отынның дәстүрлі түрлерінен бас тартып, оның жаңартылар немесе таза балама көздеріне көшу өте қиын болатынын жоғарыда айттық. Бұл – бүгінгі күні қымбат болып отырған озық технологияларға сүйене отырып, қол жеткізуге болатын шаруа. Жаңа технологиялар жетекші мемлекеттердің еншісінде екені бәрімізге анық. Сондықтан ол мемлекеттер экономикасы тұрақтап қалған немесе енді көтеріліп келе жатқан Қазақстан секілді мемлекеттерді озық технологияларды кең ауқымда пайдалануға мәжбүрлейтіні айтпаса да түсінікті.

Ол үшін бірнеше реттеуші механизмдерді практикаға ендіреді. Сондай механизмдердің бірі – сіз айтып отырған трансшекаралық көміртегі реттеу механизмі. Сол механизмге сәйкес, Еуроодаққа экспорт жасайтын кез келген

қойылатын болады. Бұл, әрине, біздің экспорттаушы кәсіпорындарға оңай соқпайды. Сондықтан көптеген бизнес субъектілерін алаңдатып отыр. Аталған реттеу механизмі 2023 жылдың басынан күшіне енеді деп жоспарланды. Алғашқы кезеңде бұл реттеу механизмі металл, алюминий, цемент, химия және тыңайтқыш заттарына қатысты болмақшы. Алдағы бес жылда мұнай өнімдерін реттеуде бұл механизм қолданбайтын болды, ал болашақта олардың да бұл тізімге кірері сөзсіз. Еліміздің мұнай өндірісі бәсекеге қабілеттілігін сақтап қалу үшін осы бастан дайындалғаны жөн.

Тағы бір орайы келгенде айта кететін жағдай, жетекші мемлекеттердің арнайы қор құрып, экономикасы тұрақтап қалған елдермен озық технологиямен бөлісуді жоспарлап отырғаны. Бұл қордан қаражат алу үшін еліміздің бизнес өкілдері өз тараптарынан өндірісті жаңартуда белсенділік танытулары тиіс. Міне, осы секілді механизмдердің көмегімен жетекші мемлекеттер кен отын көздерін пайдалануды шектеп, дүние жүзі экономикасының жасылдануына ықпал жасамақшы.

Жас қазақ: Соңғы кездері ең тиімді әрі экологиялық жағынан таза энергия көзі ретінде сутегіні пайдалануды ұсынып жатыр.

АЙМАҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



Ембілік ардагер – облыстық қоғамдық кеңес төрағасы

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, ембілік ардагер, Қызылқоға және Жылыой аудандарының Құрметті азаматы Мақсым Избасов Атырау облыстық қоғамдық кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Қоғамдық кеңестің отырысында кеңес мүшелері Ағиба Қатешова мен Ерболат Дәулетқазиев өз пікірлерін білдіріп, ұсыныстарын енгізді.

Атырау облысы мәслихатының хатшысы Әлібек Наутиев, облыс әкімі аппаратының жетекшісі Болат Исаков, Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының басшысы Қанат Әзмұханов, кеңес мүшелері

Әлібек Семғалиев, Ерболат Дәулетқазиев, Ағиба Қатешова, Олжас Сұлтанов, Ермек Юсупов және т. б. мүшелері қатысқан кеңес отырысында ашық дауыс беру қорытындысымен Мақсым Избасовтың кандидатурасы қолдау тапты.

Избасов Мақсым Шафихұлы – өңірге танымал тұлға. Ұзақ жылдар мұнай-газ саласында еңбек етіп, басшылық қызметтер атқарды. Жылыой ауданының әкім лауазымында да абыройлы еңбек етті.

Мақсым Шафихұлының деніне саулық, қоғамдық жұмысына сәттілік тілейміз!

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

БАЙЫРҒЫ ТЕРЕҢ-ӨЗЕК ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАУДА

Терең-Өзек кен алаңы Ембіде 1960 жылдан бастап игеріліп келеді. Кен орнының геологы Гүлшат Түлкібаеваның айтуынша, кеніштегі қалдық қоры 2800 тоннаны, сондай-ақ, қолданыстағы ұңғымалардың сулануы жоғары болған кезде 300-400 тонна тереңдікте өндірілетін мұнай қоры 800 тонна құрайды.

Осы жағдайларға қарамастан, Терең-Өзек кен орны бойынша мұнай өндіру 9 айдың қорытындысымен бойынша жоспарлы 47,9 мың тоннаның орнына 48,5 мың тонна көлемінде орындалды.

Жағдаймен танысқан «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан бүгінгі таңда компанияда перспективалар мен қорларға арналған қолданыстағы келісімшарттардың аудиті бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Осы жұмыс шеңберінде мұнай өндіруі тиімді басқару мақсатында өндірістік



ЖЫЛЫОЙДАҒЫ ЕКІ КҮН



көрсеткіштердің ашықтығын қамтамасыз ету үшін айлық есептер енгізілуде.

- Түсіндіріп айта кетейін, жүргізіліп жатқан жұмыстар рентабельді емес кен орындарын жабу және адамдарды қысқарту мақсатын көздемейді. Мақсат - әрбір өндірістік учаскедегі объективті көрініс негізінде кен орындарының өмірін ұзартуға мүмкіндік беретін барлық тиімді технологияларды табу және енгізу туралы болып отыр. Сол сияқты, пайдаланылмай жатқан нысандарды баланстан шығару қажет, бұл кен орнының шығындарын оңтайландыруға оң әсер етеді және оның тиімділігін арттырады, - деп атап өтті Е.Қайыржан.

Бүгінгі таңда аталған кен орнында вахталық әдіспен 124 адам жұмыс істейді, олар үш жатақханада тұрады. Сол жатақханалардың бірінде және асханада қазіргі уақытта күрделі жөндеу жұмыстарына дайындық жүріп жатыр.

ЕМГ Басқарма төрағасы жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде вахталық жатақханаларды жарақтандыру бойынша барлық заманауи талаптарды, оның ішінде бөлмеге 2 адамнан артық емес орналастыру бойынша стандартты мүлтіксіз сақтауды ескеруге нұсқау берді.

ЖЫЛЫОЙМҰНАЙГАЗ: ЕСЕП ҚАБЫЛДАНЫ, ШЕШІМІН КҮТКЕН МӘСЕЛЕЛЕР ДЕ БАР

9 айдың қорытындысы бойынша «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ өндірістік қызметінің нәтижелері Компания басшылығының қатысуымен басқарма аппаратында талқыланды. 656,3 мың тонна мұнай өндіру жоспарланса, іс жүзінде 651,5 мың тонна немесе 4,8 мың тоннаға аз мұнай өндірілді.

Мұнай өндіру бойынша ауытқудың себептері: С.Нұржанов кен орнында (NSV) ұңғымаларды кеш іске қосу, Ақінген кен орнында жаңа горизонталды ұңғымалар бойынша жоспарлы дебитке қол жеткізбеу, Ақтөбе кен орны бойынша базалық өндіруден ауытқу және жыл басында Қысымбай кен орнында 2 ұңғыманың тоқтатылуы.

Есептік кеңес соңында мұнай-газ өндіру басқармасының басшылығына өндірістік жоспарды сапалы жоспарлау, есептілікті қалыптастыру, геологиялық-техникалық



іс-шараларды өткізу тәсілдері және күрделі құрылыс бөлімінің жұмысы бойынша ұсыныстар берілді.

Сондай-ақ, жұмыс сапары барысында Прорва кен орындары тобының ілеспе газды кешенді дайындау қондырғысында өткен жедел жиналыста істен шыққан LO-CAT қондырғысы бойынша жөндеу жұмыстарының барысы талқыланды. Оңтайлы бағыт бойынша сыйымдылықты сақтау орнына дейін тасымалдау және демонтаждау «Атыраумұнаймаш» ЖШС күшімен «TUV Rheinland International Service Solutions» компаниясының мамандарының қадағалауымен жүзеге асырылады. Инспекциялық қолдауды француздық «Бюро Веритас» инспекциялық-сертификаттау компаниясы көрсетеді.

Жиын барысында технологиялық талаптарды және Прорва кен орындары тобының батыс алаңынан ілеспе газдағы күкіртсутегінің құрамын ескере отырып, істен шыққан қондырғыны ауыстыру үшін технологияларды іріктеу мәселелері талқыланды.

ҰЖЫММЕН КЕЗДЕСУ

Жұмыс сапары аясында компания басшылығы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ қызметкерлерінің ұжымымен де кездесті. Кездесу барысында Басқарма төрағасы Есен Қайыржан жылыойлық мұнайшыларға қажыры еңбегі үшін ризашылығын жеткізді.

Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек Қасымғалиев



мұнай-газ өндіру басқармасының инженерлік-техникалық құрамына COVID-19 вакцинациясына қатысты іс-шараға белсенділік танытқандары үшін алғысын білдірді. Қазіргі уақытта «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ инженерлік-техникалық құрамының 83,5%-ы екпе алды, басқарма бойынша вакцинацияланғандардың жалпы саны - 58,8%-ды құрады.

- Штаммдардың жиі өзгеріп отыратынын ескерсек, қазір бәсеңсуге болмайды. Вахта мерзімін 28 күнге дейін ұзарту қажет болған пандемияның нағыз өршіген кезеңінде қаншалықты қиын болғанын бәріміз жақсы білеміз. Сондықтан, қатаң санитарлық талаптарды ұстануды жалғастыру керек және белгіленген мерзімде вакцинацияның толық курсын алу аса қажет, - деп атап өтті Қ.Қасымғалиев.

Басқарма төрағасының экономика және

қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова 9 айдың қорытындысы бойынша компания 40 млрд.тенге көлемінде таза пайдаға қол жеткізгенін хабарлады.

- Қазіргі уақытта кәсіподақ ұйымдарымен 2022-2026 жылдарға арналған Ұжымдық шарт туралы бірлескен талқылау жүріп жатқанын білесіздер. Қолданыстағы Ұжымдық шартпен салыстырғанда жағдайдың нашарламайтынын алдын-ала хабарлағым келеді. Керісінше, компания әкімшілігі жаңа келісім аясында төлемдер мөлшерін ұлғайтуға бар күшін салды. Біз кәсіподақ ұйымдарымен бірге Шарттың бірлескен нұсқасын талқылап, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ-на жолдадық. Қараша айында осы жұмысты аяқтап, Жаңа жылды жаңа Ұжымдық шартпен бастауды жоспарлап отырмыз, - деп атап өтті Р.Тасмағамбетова.

Сондай-ақ, бұған дейін де көтерілген - жұмысшыларға жазғы демалысты ұйымдастыру/бос уақытты ұйымдастыруға, білім беру курстарына баруға жұмсалған қаржыны растайтын құжаттарды тапсырмауға мүмкіндік жасау мәселесі сөз болды.

- Компанияның қаржылық қызметін қаржылық реттеуші бас компания, прокуратура және есеп комитеті тұрақты түрде бақылап отырады. Сондықтан, қаржыны жұмсаудың кез келген фактілері құжат негізінде расталуы тиіс, - деп жауап берді Р.Тасмағамбетова.

ЕМБІЛІКТЕР «АҚМЕШІТТЕ» БОЛДЫ

Жылыойға сапар ағартушы, абыз-көреген, сәулетші Бекет Ата Мырзағұлұлының туып-өскен, ата-анасы жерленген киелі Ақмешіт қорымына барумен аяқталды.

Жем өзенінің жағасында орналасқан Ақмешіт кешені 18 ғасырда ағартушы балаларға сабақ берген медреседен және екі кесенеден тұрады.

Сапар барысында мұнайлы Ембі ұжымы атынан қорымға кілем сыйға тартылып, төселді.

ЭНЕРГЕТИКА И КЛИМАТИЧЕСКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ:

В начале октября в Нур-Султане состоялись сразу два значимых события в нефтегазовой отрасли. С разницей в один день начали работу XIV Евразийский Форум KAZENERGY в рамках Всемирной энергетической недели и 27-Я Международная Выставка «НЕФТЬ И ГАЗ» - KIOGE-2021.

О ЧЕМ ГОВОРИЛИ НА ФОРУМЕ KAZENERGY?

4-7 октября 2021 г. на площадке форума Kazenergy в онлайн и офлайн форматах состоялись порядка 30 мероприятий: глобальные сессии и диалог лидеров мировой энергетики, презентация Национального энергетического доклада, конференция к 25-летию юбилею КТК-К, GR Forum, Форум Женского Энергетического клуба Kazenergy и другие.

В ходе большей части мероприятий обсуждался главный тренд наступившей эпохи - глобальный спрос на энергию на планете при том, что ее хрупкая экосистема больше не справляется с негативным эффектом, оказываемым энергетикой.

По единодушному мнению экспертов и участников энергетического рынка, углеводороды будут по-прежнему играть жизненно важную роль в качестве сырья для транспортных средств, нефтегазохимических производств и других отраслей мировой промышленности. Мир не готов отказаться от нефти и газа незамедлительно и полностью, заменив их на альтернативные источники энергии, такие как солнце, ветер, воду и атом.

Но, чтобы успешно противостоять климатическим изменениям, необходимо уже сейчас учиться получать энергию из экологически чистых источников. Кризис 2020 года ускорил энергопереход компаний нефтегазовой отрасли, которые пересмотрели свои стратегии в части сокращения углеродного следа путем развития проектов возобновляемых источников энергии (ВИЭ) и декарбонизации.

Для Казахстана, одного из крупнейших производителей и экспортеров нефти и газа на мировые рынки, смена глобальной парадигмы, с одной стороны, поставила под сомнение возможности дальнейшего наращивания углеводородного экспорта, который лежит в основе экономической модели, а с другой стороны, позволила раскрыть потенциал тех энергетических ниш, о которых еще совсем недавно страна даже не помышляла. Речь идет о развитии потенциала водородной энергетики, СПГ-сегмента, углеводородов.

Как заявил в своем видеообращении на открытии сессии Президент РК Касым-Жомарт Токаев, Казахстан уже сейчас является одним из лидеров всех этих новых процессов в мире и стремится к 2060 году достичь углеродной нейтральности в соответствии с мировыми трендами. Республика одной из первых в мире присоединилась к Парижскому климатическому соглашению по сокращению выбросов парниковых газов. Первой из стран Евразийского экономического союза (ЕвразСЭ) заявила о планах ввести трансграничное углеродное регулирование по аналогии с ЕС и создала биржу для торговли выбросами CO₂. Страна является участницей международных программ и соглашений по этим инициативам. Разработан проект собственной дорожной карты. Успешно реализуются «Стратегия Казахстан – 2050» и Концепция перехода к «зеленой» экономике, привлекаются инвестиции в новые низкоуглеродные проекты.

- Я дал поручение правительству увеличить долю возобновляемых и альтернативных источников энергии в электрогенерации до 15% к 2030 году. На сегодняшний день в эксплуатацию введено около 2000 МВт возобновляемых источников энергии. Казахстан находится на пути к поставленной цели. Однако для достижения углеродной нейтральности одной лишь приверженности возобновляемым источникам энергии недостаточно, - заявил Глава Казахстана.

В настоящее время в Казахстане ведется активная работа по разработке Концепции низкоуглеродного развития до 2050 года, которая будет утверждена в ближайшее время, где предусмотрены меры по глубокой декар-

структура энергобаланса в мире.

- Это не означает, что карбоновая продукция перестанет что-то значить в будущем, она будет продолжать играть огромную роль для мировой экономики до 2050 года, но фокус будет сделан на уменьшение влияния традиционных источников энергии на климат

связанным с трубопроводными поставками «Бейнеу-Бозой-Шымкент» и «Сарыарка», растет и внутреннее потребление газа. При этом для Казахстана остается сложным вопрос предпочтения – отправлять добываемый газ на экспорт или удовлетворять внутренний спрос. Логичным и целесообразным, по его



бонизации. Дополнительно прорабатывается вопрос по введению внутреннего углеродного налога на потребление энергоресурсов, импортной и экспортной углеродной пошлины, а также Карбонового фонда. Все это позволит избежать полной уплаты пограничного углеродного налога в ЕС и направлять средства, полученные от углеродного налога на реализацию климатических проектов для достижения цели по глубокой декарбонизации экономики. А также станет существенным вкладом Республики Казахстан в обеспечение глобального энергоперехода и достижение целей новой климатической политики.

НЕФТЬ АКТУАЛЬНА ДО 2050 ГОДА, НО ПОТРЕБУЮТСЯ НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Текущее состояние и перспективы развития энергетической отрасли Казахстана обсуждали в ходе презентации V Национального Энергетического Доклада (НЭД), который был подготовлен Ассоциацией Kazenergy, совместно с компанией IHS Markit, выступившей в роли главного эксперта.

По прогнозам IHS Markit, спрос на энергию восстановится в 2022 году до уровня 2019 года. При этом все больше будет наблюдаться

и на увеличение эффективности потребления, - отметил представитель IHS Markit.

По мнению Мэттью Сейгера, управляющего директора по экономике энергетики в Евразии, главы энергетических исследований по России и Каспийскому региону IHS Markit, потребность в нефти выйдет на плато в 2030 году, а потребность в газе будет расти вплоть до 2050 года, что делает его наиболее интересным и выгодным энергоресурсом в сравнении с другими традиционными, а также альтернативными источниками энергии.

По его словам, Казахстан уменьшил выбросы CO₂ на 6% в 2019 году относительно 2018 года. Чтобы улучшить этот показатель к 2030 году позитивная тенденция должна продолжаться, но без решительных целенаправленных действий, Казахстану вряд ли удастся достичь цели Парижского соглашения к 2030 году.

По мнению спикера, достичь цели возможно при условии ускорения газификации регионов страны при вытеснении угольной генерации и более активном развитии сектора ВИЭ. Указав на то, что «газификация в Казахстане продвигается колоссальными темпами», в результате чего на сегодняшний день уже 56% населения имеет доступ к газоснабжению, благодаря новым проектам,

мнению, должно стать развитие нефтегазохимической отрасли для выпуска продукции с более высокой добавленной стоимостью.

КМГ РАЗРАБАТЫВАЕТ КОРПОРАТИВНУЮ ПРОГРАММУ НИЗКОУГЛЕРОДНОГО РАЗВИТИЯ

Что касается газовой отрасли, ей на Форуме была посвящена отдельная сессия – «Роль газа в энергобалансе в России и Казахстане». Она была организована ассоциацией Kazenergy совместно с X Петербургским международным газовым форумом, чтобы еще раз провозгласить особую роль газа как наиболее дешевого и доступного вида энергии в обеспечении энергобезопасности в мире.

Символично, но 6 октября 2021 года, в день проведения газовой сессии Форума, стоимость 1 тыс. кубометров газа на открытии торгов в Европе выросла до 1900 долларов США, обновив рекордный максимум, что позволило экспертам заявить в качестве причин такого роста об ошибках в действии Еврокомиссии в части «зеленой» политики.

Первый вице-министр энергетики РК Мурат Журебеков, говоря о рекордном росте цен на газ в Европе, отметил, что это лишь

ВРЕМЯ ДЕЙСТВОВАТЬ - СЕЙЧАС

демонстрирует востребованность этого вида топлива потребителями, причем не только в Европе, но и в Азии, где растущий спрос также поддерживает стоимость.

- Это говорит о том, что газ вполне может и должен конкурировать с другими экологически чистыми источниками энергии в

энергетического перехода и улучшению климатических показателей, которые инициировали прогрессивные страны мира, не дадут нужного результата «прямо сейчас». Но планомерное движение приблизит нас к этим целям. «Последствия от «ничего не делания» будут катастрофическими. Время для

Data проект с использованием искусственного интеллекта и машинного обучения, обеспечивающий сбор, обработку, хранение и передачу данных. Сейчас пилотное испытание проходят пять модулей, такие



структуре энергобаланса мира, - отметил Журебеков.

По прогнозам Минэнерго РК, в ближайшей перспективе потребление газа в республике будет расти и достигнет 25,7 млрд кубометров к 2025 году и 30,2 млрд кубометров к 2030 году. Рост потребления обеспечат проекты газификации регионов, а также - после 2022 года - строящиеся в Атырауской области газохимические заводы, которые будут использовать газ в качестве сырья.

По словам заместителя председателя правления по стратегии, инвестициям и развитию бизнеса АО «НК «КазМунайГаз» Дастана Абдулғафарова в ходе сессии «Углеродная нейтральность и энергетика во благо человечества: новые возможности для Казахстана», в рамках подготовки правительством РК Концепции низкоуглеродного развития до 2060 года, в национальной компании приступили к разработке корпоративной программы низкоуглеродного развития до 2031 года с выставлением целевых индикаторов, определением ключевых мер по их достижению и изучением возможностей применения технологий декарбонизации на своих производственных активах. Сейчас, по его словам, на долю «КазМунайГаза» приходится 2,5% всех выбросов в Казахстане.

В сентябре 2021 года АО НК «КазМунайГаз» и компания Shell Kazakhstan B.V. подписали Меморандум о сотрудничестве в сфере развития технологии улавливания, утилизации и хранения углерода (CCUS). Меморандум предусматривает совместное изучение потенциальных возможностей для реализации пилотного проекта по использованию технологии CCUS с целью определения и разработки основных критериев улавливания и утилизации углерода. Данный опыт будет масштабирован на все дочерние предприятия «КазМунайГаза». Кроме того, накомпании изучается возможность создания в ее структуре научно-исследовательского центра по водородным проектам. В рамках этой деятельности в 2021 году на одном из крупных казахстанских НПЗ планируется запуск в эксплуатацию пилотного проекта по производству водорода.

Подводя итоги Всемирной энергетической недели, председатель Всемирного энергетического совета Жан Мари Доже отметил, что меры по осуществлению глобального

действия - не завтра, а сейчас», - заявил он. При этом глава ВЭС высказался за разработку инструментов для измерения эффективности применяемых мер, а также за дальнейшее поддержание и укрепление диалога - он, по словам Жана Мари Доже, крайне важен для интеграции всех национальных инициатив.


KIOGE: КМГ ПРЕЗЕНТОВАЛ ПРОЕКТ АВАИ

Параллельно с форумом Kazenergy и Всемирной энергетической неделей, 5-7 октября, в Нур-Султане прошла 27-я выставка KIOGE. В этом, постпандемийном году, площадь экспозиции составила 2700 кв.м., которые включили более 13 разделов, среди которых - нефтедобыча, геофизические работы, инженеринговые услуги, строительство, неразрушающий контроль и техническая диагностика. Участие приняли 156 компаний из Австрии, Бахрейна, Республики Беларусь, Великобритании, Германии, Казахстана, Нидерландов, России и Хорватии.

Центральное место на выставке занял стенд АО «Национальная компания "КазМунайГаз"», на котором была продемонстрирована отечественная разработка - информационная система АВАИ. Это полномасштабный Big

как технологический режим, мониторинг осложнений, подбор глубинно-насосного оборудования, база данных и центр визуализации. Производственное внедрение всех 16 модулей планируется в первом квартале 2022 г. АВАИ позволяет повысить эффективность оценки данных природных ресурсов Казахстана и помогает в принятии эффективных решений.

Помимо экспозиционной части, посетители и участники выставки приняли участие в насыщенной деловой программе, включающей круглые столы и семинары на различные темы. Посетившие выставку представители Эмбы - сотрудники производственных подразделений и ИТ-блока ознакомились с тематическими стендами и провели ряд переговоров с поставщиками услуг по экологическому мониторингу и сервисному обслуживанию нефтепромыслового оборудования.



Жуырда ембілік қызметкерлердің бір тобы Нұр-Сұлтан қаласында өткен 27-ші KIOGE-2021 «Мұнай және газ» қазақстандық халықаралық көрмесіне қатысты.

Бұл халықаралық шараға ембіліктердің сапары 4 мақсатты көздеді. Ең біріншісі - қауіпсіз еңбек жағдайлары, сенімді құралдар мен құрылғыларды қолдану.

Бұл бойынша шетелдік және отандық өндірушілермен байланыс орнатылып, презентациялық материалдар алынды, сондай-ақ компанияның өндірістік бөлімшелерінде қолдануға болатын қандай да бір құралдар мен құрылғыларды пайдалану бойынша семинарлар өткізілді. Сондай стендтердің бірі - «КазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ экспозициясы болды. Мұнда жасанды интеллект пен машиналық оқытуды қолдана отырып, деректерді жинауды, өңдеуді, сақтауды және беруді қамтамасыз ететін алғашқы толық ауқымды жоба ұсынылған.

СЕРІКТЕСТІККЕ БАСТАЙТЫН ІСКЕРЛІК КЕЗДЕСУ

Пилоттық сынақтар технологиялық режим, күрделену мониторингін, терең сорап жабдықтарын таңдау, мәліметтер базасы және визуализация орталығы сияқты бес модульден өтеді.

Модульдердің бірі барлау, өндіру және бұрғылаудың негізгі процестерін цифрландыру және экономикалық тиімділікті бағалау үшін белгілі бір салалық стандарт болуға арналған АВАИ мәліметтер базасы болып табылады. Жүйені толық ауқымды енгізу кезінде ұйымдардың операциялық шығындары 2-3%-ға төмендейді деп жоспарлануда.

Жұмысшы және әкімшілік персоналға арналған барлық нормативтік стандарттарға сәйкес келетін жеңіл, бірақ, тығыз материалдардан дайындалған жеке сақтандыру құралдары таныстырылды.

Екінші мақсат - еңбек өнімділігін арттыру, автоматтандыру және механикаландыру.

Іс-шараның бұл бөлігінде - Қазақстанның мұнай-газ саласының мәселелері мен өзекті тақырыптарын жария ету және талқылау, «ақылды» технологияларды енгізу, мұнай өндіру процестерін цифрландыру мәселелері сөз болды. Бұл мұнай-газ саласының өндірушілері мен тұтынушылары үшін өте ыңғайлы алаң, өндірушілер үшін өз өнімдерін көрсетуге, басқа еншілес мекемелердегі әріптестерімен, түрлі технологиялар жеткізушілерімен талқылауға жақсы мүмкіндік болды.

Өтпелі және өтпелі емес ақаулары бар (с сквозными и не сквозными дефектами) құбырларды жөндеу үшін муфтонкус-композиттің әртүрлі модификациялары ұсынылды.

Жабдықты пайдалану кезіндегі шығындарды азайту - іс-шара барысында сорап жабдықтарының энергиялық тиімді технологияларымен және газ-сұйық қоспалар мен жоғары тұтқыр сұйықтықтарды айдауға арналған көлемді сорғы қондырғылары, құрамында 97%-ға дейін газ бар көп фазалық өнімділігі бар қондырғылар жұмыстармен таныстық. Жабдықтың осы түрін пайдалануды жерүсті инфрақұрылымын оңтайландыру үшін жоғары газ құрамы бар газ араласқан сұйықтық қоспасын айдау үшін кен орындарында қарастыруға болады.

Төртінші бағыт - өндірілетін мұнайдың өзіндік құнын төмендету, жаңа технологияларды қолдану.

Ұсынылған стендтердің көпшілігі, негізінен, жөндеуаралық кезеңдерді ұлғайту және жұмыс сағаттарының азаюы бойынша жаңа технологияларды қолдану болды, бұл өндірілетін мұнайдың өзіндік құнына әсер етеді. Оларға интеллектуалды басқару жүйелері, ресейлік және қазақстандық кәсіпкерлер бірлесіп әзірлеген, шетелдік әріптестерінен кем түспейтін, тіпті бағасы мен сапасы жағынан да жақсырақ жаңа буынды тиімді іске қосу құрылғылары жатады.

Бүгінгі таңда ілеспе мұнай газын газ поршенді электр стансаларының көмегімен кәдеге жарату өзекті болып табылады және ілеспе мұнай газын электр энергиясы мен кәдеге жаратудың балама көзі ретінде пайдалану үшін серпін алууда. Бұл бағытта шара барысында ресейлік және шетелдік модельдер ұсынылды. Олар жақын арада «Ембімұнайгаз» АҚ-ның барлық кен орындарында да жұмыс істейтін болады.

Жалпы көрме қорытындысы бойынша біз 10-нан астам перспективалы серіктестермен келіссөздер жүргіздік. Соның ішінде, компания үшін стратегиялық жағынан тиімді бірқатар ресейлік және шетелдік компаниялармен іскерлік кездесулер болды. Және инженерингтік компаниялармен, технологиялық жабдықтарды өндірушілермен байланыстарды айтарлықтай нығайтуға мүмкіндік туды.

Әділ ШАГИЛЬБАЕВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ бас механигі,
Жәнібекбай ТӨЛЕГЕНОВ,
«Ембімұнайгаз» АҚ бас энергетигі

Алғашқы өндірістік мұнай юра қабатында қазылған №101 ұңғымадан алынды. Сөйтіп, кен орнынан мұнай 1931 жылдан алынып келді. Міне, содан бері кен орнының тарихи жылнамасы басталды.

Айта кетсек, сол жылы Байшонас елдімекені құрылды. 600-ден астам түтіні болған поселкеде көпұлтты 7000-ға жуық тұрғын қоныстанды. Тұрғындардың басым көпшілігі жергілікті мұнайшылар болған.

Атырау облысы әкімдігінің 2011 жылғы 5-қазанындағы №293 қаулысы және Атырау облыстық әкімдігі мен облыстық мәслихаттың біріккен №302 қаулысын орындау мақсатында елдімекенді көшіру туралы іс-шаралары жөніндегі жоспары бекітілі, ауыл тұрғындары өз қалаулары бойынша өзге аймақтарға көшірілді.

МҰНАЙЛЫ ЕМБІНІҢ ҮШІНШІ ПЕРЗЕНТІ

2006 жылы Алматы қаласындағы «Исламнұр» баспасынан шыққан «Қайнарбұлақ» кітабында келтірілген деректерге сәйкес, жер қойнауында бұғып жатқан майбұлақтың көзін ашқан Сары Юсупов бастаған ұжым еді. Оның есімі Қазақстанда мұнай өнеркәсібінің қаз басып қалыптасуына еңбегі сіңген алғашқы мұнайшылардың, белгілі өндіріс жетекшілерінің қатарында аталады.

1934 жылы солтүстік-батыс Байшонастың неоком горизонтында қазылған №7-№8 ұңғымалардан да мұнай алынды. Бір жылдан соң кен орнындағы №307 ұңғымада юра горизонтынан да өнім өндіріле бастады. 1936 жылы Шығыс Байшонастағы апт-неоком қабаттарындағы №311 ұңғыма пайдалануға берілді. 1941 жылы Солтүстік-шығыс Байшонастағы юра горизонтындағы №39 ұңғыма іске қосылды. Сөйтіп, Байшонаста юра, неоком, апт, альб және сеноман қабаттары мұнайлы болып шықты.

Елсіз, баспанасы жоқ кү далада жолсыз да сусыз аймақта, автокөлігі санаулы, темір жол төселмеген, түйе мен атқа және өзінің білек күшіне сенген аға мұнайшылар күні-түні еңбек ете жүріп, «қара алтынды» орталыққа жөнелтіп отырды.

Осыншама жұмыс үлкен табандылықтың, қажымас жігер мен қайсар қайраттың арқасында атқарылды. Бұл жасампаз еңбек тарих шежіресінде сақтаулы.

Кейін аймақта инфрақұрылымдық жұмыстар қолға алынып, дизель электр стансасы (600 ат күші бар), Байшонас-Ескене жоғарғы кернеулі қуат беру желісі, Ескене-Байшонас тар-табанды теміржолы және басқалар салынды. Барлау және пайдалану үшін бұрғылау және мұнай өндіру көлемі өсті. 1938-41 жылдары Байшонастың үлесіне Ембі аумағындағы бұрғылаудың 10%-ы, пайдалану бұрғылауының 28,5%-ы және өндірілген қосынды мұнайдың 34 пайызы тиді.

1956-57 жылдары Оңтүстік Байшонастың юра қабатында ұңғымаларды бұрғылау жұмыстары жүргізілді.

01.10.2021 жылға кен орны бойынша барлық бұрғыланған қор 425 ұңғыманы құрайды, соның ішінде 72-сі – барлау және 353-і пайдалану ұңғымалары. Барлығы 370 ұңғыма жұмысы тоқтатылды. Консервацияда – 55 ұңғыма бар.

Қор жөніндегі мемлекеттік комиссияның (ГКЗ) хаттамасы бойынша қорларды ауыстырғаннан кейін кен орнының бастапқы мұнай қоры: геологиялық - 7,798 мың тонна, алынатын – 4,173 мың тоннаны құрайды.

01.10.2021 ж. мұнайдың алынатын қалдық қоры - 21,866 мың тонна болды. Кен орнынан игеру жұмыстары басталғалы бері – 4151,134 мың тонна мұнай және 163404,582 мың тонна су өндірілді. Сулану деңгейі басталғаннан бері 38653,231 мың м3 су айдалды.



ҒАСЫРҒА ТАРТҚАН ТАРИХ

БАЙШОНАС КЕН ОРНЫНА – 90 ЖЫЛ



Оңтүстік Байшонаста мұнайлы қабат аумағын картаға түсіру 1925-1926 жылдары басталып, 1927 мұнда терең бұрғылау ісі қолға алынды. Сол жылы жүргізілген геофизикалық-геологиялық іздестіру және бұрғылау жұмыстарының қорытындысында Байшонаста мол мұнай қоры бар екені анықталды.

2020 жылы кен орны бойынша жоспарланған 1,435 мың тонна мұнай өндірілді, 1,435 мың тонна өндірілді, су айдау 38,220 мың м3 құрады.

**«КСРО-НЫҢ ҮЗДІК МҰНАЙ
КӘСІПШІЛІГІ»
немесе байшонастықтардың
жеңісті жақындатуға қосқан үлесі**

Өндіріс өрге басып,
мұнайшылардың тыныс-тіршілігі
реттеле бастағанда, соғыс өрті бұрқ

етті. Соғыстың алғашқы жылдарынан байшонастықтар «Бәрі де майдан үшін, жауды жеңу үшін!» ұранымен еңбек етуге жұмылды.

1995 жылы Алматы қаласындағы «Жалын» баспасынан шыққан «Ерлікке ескерткіш» кітабында мынадай жолдар келтірілген (90-бет): «Байшонас кәсіпшілігіндегі Сейтеновтің учаскесі 22 маусымға дейін күнделікті тапсырмасын ғана игеретін еді. Енді мұнай өндіру жоспарын 130%-ға жеткізіп орындайтын болды».

Сол беттен тағы мынандай

жазуларды оқисыз: «Байшонас промыселының атақты бұрғышы мастері Секербаев бастаған бұрғылау бригадасы №40 разведкалы скважинаны бұрғылауда проходканың жоғары метражын бергендіктерінің арқасында 25 күндік планды 118% етіп орындап отыр. Бұл бригададағы таңдаулы бұрғышылар Сариев және Бекбосыновтар бұрғылаудың шапшаңдығын арттырумен нормаларын 147-143% орындады. Промыселдың солтүстік мұнай өндіру учаскесінің мастері

Шежіре беттерін парақтаған сайын, аға ұрпақтың тамаша істерімен танысып, мерейлене бересіз. Сол жылдары Ембідегі тұңғыш әйелдердің мұнай өндіру бригадасы Байшонаста құрылды. Бригаданы басқарған мұнай өндірудің жетік шебері Балғаным Досбаева 3 мәрте қатарынан КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланды. Ал, бригаданың мүшесі Нәзира Шағырова Социалистік Еңбек ері атағын алған тұңғыш мұнайшы қазақ қызы болатын.

Сонымен қатар, кәсіпшілікте жөндеуші болып істеген Қабидола Дөрашев жанқиярлық еңбегі үшін «Еңбек Қызыл ту» орденін иемденген.

Соғыс жылдарында ерен еңбегімен жеңіс сағатын жақындатуға үлес қосқан Б.Ақжігітов, Б.Аманғалиев, Т.Бекмағанбетов, И.Н.Другов, Қ.Жұбаниязов, А.Кенжиев, И.А.Новоселов және т.б. сол кездегі ең жоғарғы үкімет наградасы – Ленин орденін иеленді.

Жерсты жабықтарын жөндеудің шеберлері Мұрат Аңшыбаев, Жақсыбай Қалиев, Серікбай Үмбетжанов, Сағидола Баймағанбетовтер Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын иеленді.

Сонымен қатар, өз үлгісімен әріптестерін жақсы істерге бастаған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған Ізбас Құлғалиевты, үздік мұнайшылар Құмарғали Досовты, Жолдықара Төлегеновті, Бағыт Серікбаевты, КОКП XXVI съезінің делегаты «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері Н.В.Столыпинаны, Бисенбай Сарғалиевты, Жұмажан Молдасиқытовты және басқаларды үлкен құрметпен атаған абзал.



Жұбаниязов Жолдас та өзіне берілген норманы 104%-ға орындады. Осылайша байшонастықтар соғыс басталысымен-ақ мұнайды молайту жолында ұйымшылдық таныта білді. 1941 жылдың күзінде Байшонасқа «КСРО-ның үздік мұнай кәсіпшілігі» атағының берілуі осыны айғақтайды».

Мұнайшылардың мойнына жүктелген жауапкершілік зор болды. Мұны жақсы сезінген байшонастықтар жаңа мұнай көзін ашумен қатар істегі ұңғымалардың мүмкіндігін арттыруға белсене кірісті. Сөйтіп, бұрынғы одақта тұңғыш рет екі және одан да көп кен қабатын қатар пайдалану әдісі жүзеге асты. Нәтижесінде әр ұңғыманың өнімі 2 тоннадан 9,5 тоннаға дейін өсті.

Түйін.

Ұлы Отан соғысының өрт-жалын жылдарында бұл кеніштен өндірілген тәуліктік мұнай 900 тоннаға дейін жетті. Осынша отын қорының сол бір зұмат жылдары орасан маңызы болғаны сөзсіз.

Соғыстан кейінгі жылдарда да байшонастықтар ерлік еңбек дәстүрін жалғастыра білді. Кәсіпшілік өркендеп өсті. Мұнай өндіру көлемі де артты. Өндіріске жаңа құрылғылар мен құралдар әкелінді, жаңа технологиялар енгізілді. Мұнай өндірудің озық әдістері өндіріске батыл қолданылды.

Тоқсан жылға жуық уақыт бойы толассыз еңбек еткен кеніштің мұнай қоры азайып, пайдаланудың соңғы сатысына жетті. Өткен жылдан бері кен орны консервацияда.

Байшонастықтардың өз игілігін ойлап қана қоймай, жаңадан ашылған кен орындарын игерудегі жанқиярлық істері Ембі мұнайының тарихына алтын әріппен жазылған.

«ҰЖЫМҒА, АУЫЛҒА ДЕГЕН САҒЫНЫШТЫ СӨЗБЕН ЖЕТКІЗУ МҰМКІН ЕМЕС»

«Көзімізді ашып, ес білгелі бері ауыл жанындағы ұңғымаларды көріп өстік. Кейде жанына барып, «Бұл жерден, жер астынан қалай май шығып жатыр? Ол май қайда қалайша кетіп жатыр екен» деп танырақпай қарайтынмын» деп еске алады бізбен әңгімесінде терең ойға шомылып, балалық шаққа деген сағынышын жасырмаған Қарсақ кен орнының мұнай өндіру операторы Серік Есмағамбетов.

Мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан соң 1981 жылы Серік Өмірбайұлы бала кезгі арманына қол жеткізіп, Байшонас кен орнына слесарь-жөндеуші болып орналасты.

Кейінгі жылдары мұнай-газ өндіру операторы болып қызметін ауыстырды.

Әріптесіміз сол жылдары кеніште еңбек еткен Қуаныш Құдабаев, Серік Өтеген, Асылбек Ермұханов, Жүсіп Әжмағамбетовтерден көп нәрсені үйренгенін айтады.

- Байшонаста бірілігі жарасқан, ұйымшыл ұжым болды. Кен орны ашылғаннан соң сол аумақта ауыл пайда болған. Мұнайшылар ортасы десе де болады. Өндіріс пен тұрғындардың тұрмыстық тыныс-тіршілігі біте қайнасып жатты. Өндірістегі ұжым мүшелері бір-біріне әріптес қана емес, ауылда, тіпті ағайын-туыс болып кетті.

Қазір ауыл орнына барып тұрамыз. Балалық шақ, жүріп өткен өмір жолымыз, өткен тарихымыз еске түседі.

Ауылды көшіретіні туралы хабарды алғаш естігенде, болашақ ұрпаққа жасалған мүмкіндік үшін, әрине, қуандық. Дегенмен, балғын балалық шақ өткен мекенімізді, әке шаңырағынан кетуді ойлағанда қимастық сезім болды, - дейді ол.

Серік Есмағамбетов 2004 жылы Қарсақ кен орнына мұнай-газ өндіру операторы болып ауысты. Десе де, бұрынғы ұжымдастарымен, ауылдастарымен байланыс үзілген жоқ. «Байшонас үлкен өмірге жол ашты» дейді.

«Басшы қандай болу керек?» деген сауал көптің көкейінде. Басшы қызметін ауыстырып, ұжымға жаңа адам келгенде мұнайшыларды қызықтыратын да мәселе осы екені анық. «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Прорва кен алаңы - Ембі өндірісіндегі іргелі кеніштің бірінен. Прорва кен алаңының басшылығының ауысқанына да біраз уақыт болды. Осы кезең ішінде басшы мен ұжымның арасында сыйластыққа толы байланыс та орнап үлгерді. Бүгінгі «Біздің сұхбат» айдарының қонағы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басшысының Прорва кен алаңы бойынша орынбасары Ербол Наурызбековпен өрбіді.

Ербол НАУРЫЗБЕКОВ:

«Басшыға қойылар талап – ұжым алдындағы жауапкершілік»



«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Прорва кен алаңы бойынша қойнауқаттың өнім беру көрсеткішін арттыру мақсатындағы әдістер кеңінен қолданыста. Соның бірі- қойнауқатты гидравликалық жару әдісі. 2021 жылдың 9 айлық қорытындысы бойынша 6 ұңғымаға осы әдіс қолданылып, олардан тәулігіне 80 тоннадан артық өнім алынды. Сонымен қатар, биыл 5 ұңғыманы бұрғылаудан кейін іске қосу жоспарланса, оның 3-уі жыл басынан бері 9 айдың ішінде қолданысқа енді. Қалған 2 ұңғыма жыл соңына дейін толығымен іске іске қосылады деп күтілуде.



- Көпшіліктің арасында басшы болу, ұжымға жетекшілік ету - оңай, көп күш-жігерді қажет етпейді деген пікірдің қалыптасқаны рас. Бүгінгі әңгімеміздің бағытын ұжымға жаңа келген басшы өзін қалай ұстай білуі керек, жалпы, басшы адамға керекті қасиеттер қандай деген тақырып аясында өрбітсек.

- «Басшы қандай болу керек?» деген сауалға жауап іздеп көрсек, ең алдымен, ол білімімен, талантымен өзгелерге үлгі бола білуі керек. Ішкі болмысымен, мәдениетімен, сыпайылық, ізгілік қасиетімен өзге жұрттан көш ілгері болғаны жөн. Сонда ғана өзгелер оны басшы ретінде бағалап, сыйлайды. Ең бастысы оның бойында сабырлылық болуы тиіс. Кез-келген жұмысты атқарған кезде басшы өзгелер алдында

шыдамсыздық танытып, кез-келген мәселеге күйіп-пісіп жатса, оны басшы адамның үлкен қателігі деп есептеймін.

Басшы адам қол астындағылар алдында әркез шынайы болмысын сақтағаны жөн. Екіжүзділікке, жалған сөйлеуге жол бермеуі тиіс. Оның сөзі мен ісі қабысып жатса, тамаша. Жұртшылық арасында кең тараған пікір, басшыда қатқылдау мінез басым болуы тиіс деген ұстанымда. Басшылардың қарапайым халықпен қатқылдау сөйлесуі кең қалыптасуы содан өрбісе керек-ті. Кейде қатқылдық пен талап қоя білуді шатастырып алып жатамыз. Қол астындағы қызметкерлеріне талап қоя білу - басшыға керек қасиет. Дұрыс талап қою және оның нәтижесін сұрай білу маңызды. Талап ету, оның орындалуын қадағалау – басшының қол астындағы қызметкерге көрсеткен сенімі дер едім. Талап қоя отырып, оның орындаушылық қасиетін бағалайсыз. Өзіне басшының сенім артқанын жұмысшы сезіп тұрады.

- Тағы бір кең тараған пікір басшының бойында жиі көрініс беретін тәкаппарлық қасиет туралы не айтасыз?

- Тәкаппарлық қасиет – үлкен ұжым басқарып отырған адамға тіпті жараспайды. Ол басшыны ұжымнан аулақтататын қасиет. Басшы қол астындағы адамдармен қарым - қатынаста менмендікке орын алдырса, менсінбеушілік байқатып, өзін жұрттан жоғары ұстаса, оның ұжым басқаруда жіберген ең үлкен қатесі дер едім. Тәкаппар басшының жұмысының алға басуы қиындау болар.

- Басшының болмысы туралы айтып өттік. Сіз еңбек жолыңызды қатардағы қызметшіден бастадыңыз. Қарапайым қызметші өз кезегінде қандай қасиетті меңгеру керек? Себебі, бүгінгі білімді де талантты қызметші ертеңгі білікті басшы емес пе.

- Қызметшіге керек қасиет - тыңдай білу. Тыңдау деген ұғымды басшының айтқан барлық мәселесіне бас ізеп көне беру дегенмен шатастырмау керек. Тыңдай білу дегеніміз әркімге керек қасиет дер едім. Тыңдай білу дегеніміз, ортақ ой тастау, ұжымға қатысты өзекті мәселені дұрыс

айта білу, жұртшылыққа тиісті деңгейде жеткізу мақсатында сапалы ой сабақтай білу. Егер басшы қол астындағы адамның айтарын мұқият зер салып, ықыласпен тыңдай білсе, қосшы да оның айтарына зейінмен құлақ асады. Жалпы, көреген басшы ұжыммен тату болады. Басшы жұртшылықпен тату болса, ұжымның мүшелері де оған солай жауап береді. Ал, адамдармен байланыс орната білген басшы жұмысын тез арада жолға қоя біледі. Қол астындағы адамдардың не ойлап, не сезетініне дейін хабардар болуға тырысу - табысты басшының бір қыры.

Проблеманы көре білу – оның тағы бір қыры. Қиын жағдайларға басшы әр кез дайын бола білуі керек дер едім. Қандай проблеманы болмасын қабылдай білуі тиіс. Бірде оқып қалғаным бар «ешқашан проблеманың бәріне бірден кірісіп кетпеңіз, оларды алдымен тізіп алып, рет-ретімен шешіңіз». Кейбір басшылар проблемаға қатысты шешім қабылдауда шарықтау кезінде ғана кіріседі. Мен бұл орайда айтар едім, қандай мәселе болмасын, дер кезінде қолға алсаңыз соғұрлым керекті нәтижеге қол жеткізесіз.

Көреген басшы алдына биік мақсаттар да қоя біледі. Күнделікті жұмыста басыңызға келген ұсақ идеяларға жоғары мән беру керек. Жаңашыл басшылар кішкентай идеялар арқылы жұмыс жасайды.

- Жалпы, басшы бір орында қанша уақыт отыруы керек деген сауал қазір көптің көкейінде тұрғаны анық.

- Бұл орайда менің жеке пікірім, басшы жаңа орынға келерде алдына үлкен мақсаттар қойып келеді. Сол мақсаттарды жүзеге асыруға мүмкіндік болғаны жөн. Бұл орайда, басшыға сол жаңа орында кем дегенде 3 жыл отыруына жағдай жасалғаны жөн. Сонда басшы ұжым алдында берген уәдесін толық орындауға қол жеткізеді.

-Басшы ретінде қандай маманға қолдау жасар едіңіз?

- Өзінің күнделікті жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарайтын, табысты еңбегімен ерекшеленген маманды қолдаймын. Өндіріске өзгеріс енгізген, ол әдісі белгілі бір нәтижеге ие болса ондай маманды неге қолдамасқа. Ол маманның алға қарай өсуіне де стимул болады. Білімді де белсенді жастарға көбірек қолдау көрсетер едім. Өйткені, кез-келген ұжымның ертеңгі болашағы білімді де талантты жастармен байланысты.

-Ашық пікіріңізге рахмет!




Халық батырының рухына құрмет

Исатай ауданының орталығы Аққыстау селосында қазақ ұлтының азаттығы үшін күрескен батыр Исатай Тайманұлының туғанына – 230 жыл толуына орай салтанатты шара өтті. Шараға Атырау қаласынан арнайы шақырылған делегация, ғалымдар мен тарихшылар, Исатай ауданының жұртшылығы қатысып, ерлікке тағзым етіп, батыр ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында өткен «Бабалар аңсаған Тәуелсіздік» атты мерекелік шараға аудандағы ірі кәсіпорын «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының ұжымы да қатысты. Халық батыры Исатай Тайманұлының 230 жылдығына арналған «Ел теңдігін аңсаған - Исатай батыр» облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияда тарихшылар тақырып аясында жұртшылыққа жақсы таныс ғылыми деректермен қоса, жұртына бостандық таңын сыйлауды мақсат еткен батыр бабамыздың әлі кең таныла қоймаған қырларына да

тоқтала кетті. Исатайтанушы ғалымдар қолға алынып жатқан ғылыми еңбектер туралы да кеңінен айтып өтті.

Ғылыми-практикалық конференцияда сөз алғандар, тарихшылар, исатайтанушы ғалымдар, көзі қарақты қарапайым оқырмандар қауымы 1836-1838 жылдарда ұлт-азаматтық көтерілістің ұйымдастырушысы болған Исатай Таймановтың еліне, жеріне жасаған ерлік істеріне ерекше мән беріп, ұлт батырының есімін ұлықтап, бүгінгі ұрпаққа таныстыру, келешекке аманаттауды міндет еткен шараның ұйымдастырушыларына алғыстарын білдірді.



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: ұйымдастыру бөлімі
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

А.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,
Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұханғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

А.Сүлейменова - ұйымдастыру бөлімінің қоғаммен байланыс жөніндегі менеджері.